

Мақтаарал аудандық мәслихатының 2009 жылғы 19 ақпандағы "Елді мекендердің жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары туралы" N 19-131-IV шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 желтоқсандағы N 27-200-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 11 қаңтарда N 14-7-111 тіркелді. Күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы N 15-90-V шешімімен)

Ескерту. Күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 29.03.2013 N 15-90-V шешімімен).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 387-бабының 1-тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. "Елді мекендердің жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары туралы" Мақтаарал аудандық мәслихатының 2009 жылғы 19 ақпандағы № 19-131-IV шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-7-74 нөмірмен тіркелген, 2009 жылғы 27 наурыздағы "Мақтаарал" газетінде ресми жарияланған) 1-тармағындағы "383-баптарында белгіленген" деген сөздерден кейін "автотұраққа, автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) және казино орналасқан жерлерді қоспағанда", деген сөздермен **т о л ы қ т ы р ы л с ы н .**

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	А у д а н д ы қ	м ә с л и х а т
<i>сессиясының төрағасы:</i>	Ә.Асауов	
<i>Аудандық мәслихаттың хатшысы:</i>	Ж.Әбдәзімов	